

«Үздік подкаст» республикалық онлайн байқауын өткізу ережесі

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Үздік подкаст» республикалық онлайн байқауын өткізу ережесі «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ жарғысының 4 тарауына сәйкес әзірленді және «Үздік подкаст» республикалық онлайн байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Байқауды ұйымдастырушы «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ Әдістеме басқармасы (бұдан әрі – Әдістеме басқармасы).

3. Байқауды өткізудің негізгі мақсаты - мемлекеттік тілде үздік подкаст әзірлеген тіл үйренушілерді анықтау және олардың жетістіктерін насихаттау арқылы Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді қолданудың аясын кеңейту, азаматтарды мемлекеттік тілде сөйлеуге ынталандыру, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен санын арттыру.

4. Байқауға Қазақстан Республикасының өңірлік және жеке меншік тіл орталықтарының, орта мектеп мұғалімдері мен әдіскерлері, қазақ тіліне қызығушылық танытатын азаматтар қатыса алады.

5. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. үздік бейнемотиватор;
2. шешендік шеберлік;
3. үздік креативті бейнеролик;
4. үздік шығармашыл бейнеролик;
5. көрермендердің ерекше ықыласы.

2 – тарау. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6. Әдістемелік басқармасы интернет-ресурстарда және ресми баспа басылымдарда байқауды өткізу мерзімдері мен шарттары туралы хабарландыру орналастырады.

7. Байқау 2022 жылдың сәуір айында бір кезеңде өткізіледі.

8. Байқауға қатысу үшін ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейінгі мерзімде Әдістеме басқармасына келесідей құжаттар мен материалдар ұсынылады:

- 1) Байқауға қатысуға арналған өтінім (берілген үлгі бойынша толтырылады);
- 2) қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
- 3) бейнеролик.

9. Материалдар ttilalemi@gmail.com поштасына жіберілуі тиіс.

10. Байқауға қатысушының жіберілетін материалы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени, экономикалық, ғылыми-кәсіби тақырыптар аясында 5 минуттан аспайтын бейнеролик;
- 2) бейнероликте тіл үйренуші қазақ тілінен дағдыларын көрсету керек;
- 3) бейнероликте қатысушы өзін қызықтыратын және соған қабілеті бар белгілі бір іскерлік дағдысын көрсетеді, қазақ тілінде түсінікті деңгейде жеткізеді.

11. Әдістеме басқармасы:

- 1) бес адамнан аспайтын құрамы білікті салалық мамандардан, қоғамдастық өкілдерінен тұратын байқаудың комиссиясын қалыптастырады, байқау комиссиясының төрағасын айқындайды және оның отырысының күнін тағайындайды;
- 2) келіп түскен бейнероликтерді көрермендер бағалау үшін Орталықтың ресми сайттарында жариялайды;
- 3) өткізілген Байқау туралы қорытынды ақпаратты әзірлеп, 2022 жылдың 29 сәуірінде жариялайды.

3 - тарау. Байқаудың қорытындысын шығару

11. Байқау комиссиясының мүшелері байқауға қатысушыға осы Ереженің 10 тармағында көзделген шарттарға сәйкес он балдық өлшем бойынша бағалайды.

12. Жеңімпаз туралы шешім байқау комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және оның отырысына қатысқан комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы айқындаушы болып табылады.

13. Байқаудың қорытындысы туралы ақпарат интернет-ресурстарда орналастырылады.

14. Комиссия мүшелері анықтаған байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен марапатталады.

Байқауға қатысу үшін толтырылатын өтінімнің үлгісі

«Үздік подкаст» байқауына өтінім	
Қатысушының аты-жөні	
Жұмыс орны	

Қаласы	
Тел.нөмірі мен поштасы	
Жетекшісінің аты-жөні (бар болған жағдайда)	
Жұмыс орны	
Қаласы	
Тел.нөмірі мен поштасы	